



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## Іскерлік белсенділік айтарлықтай жақсарды


2026 жылғы мамырдағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің  
түсіндірмесі

Астана қ.

2026 жылғы 4 маусым

2026 жылғы **мамырда** іскерлік белсенділік айтарлықтай жақсарып, көрсеткіш **51,6-ға** дейін (сәуірде – 50,9) көтерілді.

Белсенділік құрылыста, өндірісте және көрсетілетін қызметте жақсарды, мұнда индекстер жоғары болып, тиісінше, **54,9**, **53,0** және **51,7** (сәуірде – 50,3, 53,8 және 51,0) болды. Сауда мен тау-кен өндіру өнеркәсібінде де оң динамика тіркелді – **49,9** және **49,7** (сәуірде – 49,3 және 48,6), индикатор көрсеткіштері ,бейтарап деңгейден төмен қалып отыр. Құрылыста барлық компоненттің, әсіресе, жаңа тапсырыс көлемі жақсарғаны байқалды.



**Бизнес-ахуал индексі (БАИ)** 2026 жылғы мамырда айтарлықтай өзгерген жоқ – **11,9** (сәуірде – 12,0). Бизнес жүргізудің қазіргі жағдайын бағалау көрсеткіші аздап төмендеді, ал келешек жағдайларға қатысты оптимизм жақсарды.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)